

**Қордай аудандық Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысының
№ 7 хаттамасы**

Қордай ауылы
«AMANAT» партиясының мәжіліс залы

29.04.2026 жыл
сағат 10:00

Шақырылғандар: Аудандық қоғамдық кеңес мүшелері.

Қатысқандар: - аудандық Қоғамдық кеңес мүшелері – 9 адам.

Қатыспағандар: - 1 (*К.Ағибаева - денсаулықтарына байланысты*)- себепті.

Төрағалық етуші: Н.Молдабеков

Шақырылғандар: 1. Қордай аудандық пробацация қызметінің бөлім бастығы әділет майоры – **Т.Ошанов**, Қордай ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы - **А.Елеусізова**, Қордай ауданы бойынша «Мансап орталық» филиалының директоры – **С.Копешов**, Жер қатынастары бөлімінің басшысы – **Ғ.Сейдекеш**, БАҚ өкілдері.

Күн тәртібі:

1. Қордай ауданы бойынша қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмек көрсету туралы;
2. Аудан аумағында жайылымдық жерлерді тиімді пайдалануды ұйымдастырудағы атқарған жұмыстардың барысы туралы және «Жер аманаты» жобасы шеңберінде пайдаланылмай жатқан және жекеменшікке заңсыз берілген ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекет меншігіне қайтару жөнінде жұмысы туралы;
3. Өртүрлі мәселелер.

Н.Молдабеков:

Күн тәртібі жөнінде кімде қандай ұсыныс бар?

Ұсыныс – Бекітілсін.

Күн тәртібі бекітілді және отырыс ашық деп жариялансын.

Баяндамашыға 5-7 минуттан уақыт белгілейік

Сөз сөйлеушілерге - 3 минуттан уақыт белгілейік, келісесіздерме?

Басқа ұсыныс бар ма? Жоқ. Онда ұсынысты дауысқа қоямын.

Қарсы? – жоқ. Қалыс? – жоқ.

Н.Молдабеков:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссия мүшесі – Орақбай Жаңабай баяндайды,- деді.

Баяндама аяқталды, Сұрақтарыңыз бар ма? Жоқ.

Н.Молдабеков:

Осы мәселе бойынша тиісті бөлім басшылары сұрақтарға жауап береді.

Қордай аудандық пробация қызметінің бөлім бастығы әділет майоры – Т.Ошанов, аудандық қоғамдық кеңес мүшесінің Ж.Орақбайдың анықтамасына толық келісетінін айтып, алдағы уақытта барлық жұмыстарды бақылауға алынатынын хабарлады.

Қордай ауданы бойынша «Мансап орталық» филиалының директоры – С.Копешов: өз сөзінде баяндамада айтылған деректер бойынша толық келісетінін айтып, кемшіліктер бойынша жұмыстарды атқаратынын алға тартып, пробация есебінде тұрған жұмыссыз азаматтарды толық қамту мақсатында жұмыспен қамту шаралары бақылауда ұстайтынын айтты.

Н.Молдабеков:

Шешім жобасы қолдарыңызда бар. Қандай ұсыныстарыңыз бар?

Алып қосатындарыңыз бар ма? Егер қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді сұраймын. Қарсы-? Қалыс? – жоқ. Бекітілсін.

Қазақстан Республикасы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабының 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық кеңестің қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясының мүшесі Ж. Орақбайдың анықтамасы назарға алынсын.

2. Қордай аудандық пробация қызметінің бөлім бастығы Т.Ошановқа:

1) пробация есебінде тұрған азаматтар арасында қайта қылмыстың алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыстары күшейтілсін;

2) есепте тұрған тұлғалармен жеке профилактикалық, рейдтік және тексеру іс-шараларын жүйелі түрде ұйымдастырылсын;

3) қайта әлеуметтендіру бағытындағы іс-шаралардың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар енгізілсін.

3. Қордай аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі және аудандық «Мансап орталығы» филиалының директоры С.Көпешовке:

1) пробация есебінде тұрған жұмыссыз азаматтарды толық қамту мақсатында жұмыспен қамту шаралары күшейтілсін;

2) бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін тұрақты ұйымдастырып, жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл жандандырылсын.

4. Қабылданған шаралар туралы ақпаратты Қордай аудандық Қоғамдық кеңесіне ағымдағы жылдың мамыр айының 31-не дейін жолдансын.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қоғамдық кеңестің Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясына жүктелсін (төрағасы Б.Жамангозов).

Н.Молдабеков:

Күн тәртібіндегі екінші мәселесі бойынша – «Аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі комиссиясына», комиссия мүшесі - Әбілдаев Еркен Әбілдаев баяндайды.

Баяндама аяқталды, Сұрақтарыңыз бар ма? Жоқ. Баяндама тіркелінді.

Н.Молдабеков:

Осы мәселе бойынша Қордай ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің басшысы Сейдекеш Ғабит Доғдырқұлович сұрақтарға жауап береді.

Сейдекеш Ғ: Өз сөзінде баяндамашының анықтамада көрсетілген мәселелері бойынша растайтынын айтып, барлық жұмыстар атқарылып жатқан жұмыстар заң аясында атқарылып жатқанын атап көрсетті. Биылғы жылы пайдаланылмайтын жер учаскелері бойынша нақты іс-шаралар белгіленентін болады.

Н.Молдабеков:

Шешім жобасы қолдарыңызда бар. Қандай ұсыныстарыңыз бар?

Алып қосатындарыңыз бар ма? Егер қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді сұраймын. Қарсы? Қалыс? – жоқ. Бекітілсін.

Қазақстан Республикасы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабының 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Аудан аумағында жайылымдық жерлерді тиімді пайдалануды ұйымдастырудағы атқарған жұмыстардың барысы туралы және «Жер аманаты» жобасы шеңберінде пайдаланылмай жатқан және жекеменшікке заңсыз берілген ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекет меншігіне қайтару жөнінде зерделеу жұмысының нәтижесі туралы қоғамдық кеңес мүшесі Е.Абилдаевтың анықтамасы назарға алынсын.
2. Қордай ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің басшысы Ғ.Сейдекешке:
 - Қордай ауданындағы қосалқы жер қорындағы 11611,5 га жайылым жердің орналастыру жобалары әзірленсін және пайдалануға енгізіліп, жердің иелерін анықтау тапсырылсын;
 - Жоспарды орындауда 2026 жылы пайдаланылмайтын 4000 га жер участкесі бойынша нақты іс-шаралар белгіленсін;
 - Қордай ауданы бойынша мал басы тіркелмеген 18 шаруа қожалығына тиесілі 22036,6 га жайылым жер участкелерін мемлекеттік жер қорына қайтаруда нақты жұмыстар атқару ұсынылсын;
 - Қайтарылған жерлерді немесе бос жерлерді шаруаларға конкурс арқылы беру рәсімдері бойынша және индекаторлық тапсырмаға сәйкес аудан бойынша ауылшаруашылығы мақсатындағы – 1653 га егістік, 22 жер телімдерін аукцион арқылы өткізу ұсынылсын;
 - Ауыл тұрғындарының жеке қосалқы шаруашылықтары үшін ауыл маңынан жайылым жерлерді қарастыруды басты назарға алу ұсынылсын;
3. Қордай ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің басшысы Ғ.Сейдекештің берген мәліметтері мен жауаптары ескеріліп, көрсетілген ұсыныстарды жұмыс барысында түзетулер, анықтаулар жүргізіліп, атқарылған жұмыстары бойынша ақпаратты үстіміздегі жылдың 1-ші шілдесіне берілсін;
4. Осы шешімнің орындалуын бақылау «Аграрлық саясат табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері» жөніндегі комиссиясына жүктелсін (төрайымы – К.Ағыбаева).

Егер алып қосарларыңыз жоқ болса, күн тәртібіндегі барлық сұрақтар қаралды. Шешім жобасы талқыланды. Сіздерге көп рахмет.

Әр түрлі мәселелер бойынша сәуір айында зерделеу жұмыстары:

1. Қылмыс санатының бірі алаяқтық, оның ішінде интернет алаяқтығы бойынша аудандық полиция бөлімі, аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімі және т.б жауапты мекемелердің жұмысын зерделеу - *Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс*

мәселелері жөніндегі комиссия төрағасы - Жамангозов Бейкүт Тілебалдыұлына тапсырылады.

2. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңына сәйкес 2025-2026 жылдары Степной ауылдық округінің атқарылған жұмыстары туралы және округ әкімдігімен көрсетілген мемлекеттік қызметі бойынша зерделеу - «Бюджет, қаржы және жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті қолдау мәселелері жөніндегі комиссиясы» - Алматаева Айнура Тұрлыбекқызына тапсырылады.


Осымен Қоғамдық кеңестің кезекті отырысын жабық деп жариялаймын.

Қоғамдық кеңес төрағасы



Н.Молдабеков

Қоғамдық кеңес хатшысы



Р.Имашева